

Абдуллаева Г.Д., Абдуллаева Ж.Д.

ТӘРБИЕ ӘДІСТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Абдуллаева Г.Д., Абдуллаева Ж.Д.

МЕТОДЫ ВОСПИТАНИЯ, ИХ КЛАССИФИКАЦИЯ

G.D. Abdullaeva, Zh.D. Abdullaeva

METHODS OF EDUCATION, THEIR CLASSIFICATION

УДК: 371/.17.3

Тәрбие әдісі - / гректің методос - жол/ - бұл тәрбие жұмысында белгіленген мақсатқа жетудің жолы. / И.П.Подласый. / Тәрбие әдістері - балалар мен олардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті, ғылыми тұрғыдан негізделген, педагогикалық мақсат көзделінген, олардың тәртібі мен санасына психологиялық-педагогикалық, тұрғыдан әсер ету, олардың іс-әрекеті мен өзін-өзі тәрбиелеудегі қызығушылықтарын дамыту./Лихачев Б. /

Тәрбиеленушілердің іс-әрекет, қарым-қатынастарындағы, мінез-құлқындағы жағымды тәжірибені қалыптастыру әдістері. Оларға: талап, қоғамдық пікір, үйрету, жаттықтыру, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік ситуациялар жатады.

а/ талап - мінез-құлық, нормасының көрінісі. Балаларды әлеуметтік іс-тәжірибеге қатыстыру.

ә/ қоғамдық пікір - бұл ұжымдық талаптың бейнеленуі, ұжым мүшелерінің байымдауы, баға беруі, қоғамдық пікір, ұжымның еркі, күші. Ұжым – тәрбие субъектісі.

б/ үйрету, жаттықтыру - бұл мінез-құлық нормасына сәйкес оқушыларды қажетті дағдыға, әдетке төсілдіру.

в/ жаттықтыру - бұл әртүрлі ситуацияда оқушының моральдық тапсырмаларды орындауы.

Үйрету, жаттықтыру әдістеріне нұсқау көрсету, машықтандыру тапсырмалары жатады.

Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері, олар - саяси-этикалық әңгіме, әңгімелесу, пікірталас, лекция, өнеге.

Бұл әдістердің балалардың санасына ықпал жасауда маңызы зор.

а/ әңгіме. Оған қойылатын бірнеше талаптар бар:

- тақырыптың көкейкестілігі
- балалардың жас ерекшелігіне сай болуы
- көрнекі құралдарды пайдалану
- әңгіменің тартымды, қызықты болуы

ә/ пікірталас - бұл әдіс жоғары класс оқушылары үшін тиімді. Баға беруді, сенімді қалыптастыру, белгілі бір дайындықпен келу, т.с.с. Қателік пен жалған көзқарастармен күресуге үйретеді. Пікірталас соңында жауаптарды жинақтау, талдау, баға беру, қорытындылау жұмыстары жүргізіледі.

Мадақтау және жазалау әдістері.

Мадақтау белсенділікке ынталандырады.

Жазалау - теріс мінездерден арылту үшін, теріс қылықтарын тежейді.

Тәрбие әдістерін таңдап алу шарттары:

- оқушылардың жеке жас ерекшеліктеріне,
- өмір тәжірибелеріне,
- педагогикалық ситуацияларға,
- әр оқушының даму ерекшелігіне және т.б. қарап таңдап алынады. Тәрбие әдістері бір-біріне өзара тәуелді, бірін-бірі толықтыра молайта түседі және өзара байланысты.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – жасөспірімнің бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің бір-біріне, жанұяға, басқа адамадарға, отанға, елге деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дамыту жөніндегі ұстаз тәрбиешілердің арнаулы мақсат көздеген қызметі.

Адамгершілік тәрбиесі жан-жақты кешенді тәрбиенің аса маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Қазіргі жаңару, егемендік алып, нарық заманында, өтпелі кезеңде, ел өмірінің барлық саласында түбегейлі жаңарулар енгізіліп жатқан шақта ғылым мен іс- тәжірибе алдында адамгершілік идеялары, нормалары, ережелері, адамгершіліктің құндылықтарын сақтау проблемалары тұр.

Адам баласы ғылымда өзінің адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Моральдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекеттерінің қарым-қатынасынан шығады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық, пен махаббат, әділеттілік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Бұларды адам бойына жастайынан мінез-құлық ережесі етіп қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Ақыл-ой тәрбиесі әр заманда жастарға білім берудің негізгі құралы болып келеді. Білім алуға және ғылымға ұмтылыс халық санасының тереңінен әрдайым орын алады. Халық табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтары бейнеленген ғылымның деректерін, түсініктерін және заңдарын мақсатты игерудің нәтижесі тек ақылды адам ғана терең білімдерді меңгере алатынын түсінді. Білімнің мәнін "Ақылдан қымбат байлық жоқ", "Ақылды сатып ала алмайсың", "Ақыл-тозбас киім, білім сарқылмас бұлақ" деген халықтың даналық сөздерінен-ақ байқауға болады.

Халық, педагогикасында оқыту мен білім берудің принциптері қазіргі ғылыми педагогика

тұжырымдарымен ұштасып жатыр. Халық білім мен өмірдің тығыз байланысты болуын талап етті. Халық педагогикасы оқытудың көрнекі болуын ойдан шығарған жоқ. "Көзбен көрген, құлақпен естіген ақиқат емес, тек қана мұхият зерттелген - ақиқат".

Халық педагогикасында тәрбие, оның бөліктері туралы ұғымдарының анықтамаларының да ғылыми педагогиканың анықтамаларымен сәйкес келетіндігі байқалды. Халық педагогикасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп шәкірттердің ойлау қабілітерін сана-сезімін оқу және еңбек процесінде дамытуды айтады. Ғылыми педагогиканың анықтамасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп оқышуылардың ақыл-ой күштерін, ойлауын дамытудағы және ақыл-ой еңбек мәдениетін дарытудағы тәрбиелеушілердің мақсатты іс-әрекетін түсіндіруді айтамыз.

Бірақ оқушы өмірінің іс-әрекеті тек тәрбиешілердің мақсатты ықпалымен шектелмейді. Оған қосымша оқушыны қоршаған ортаның ықпалдары мен әсерлерін еске алу қажет. Бұл кеңірек ақыл-ойдың дамуы ұғымымен айқындалады.

Ақыл-ой тәрбиесі тұлғаның жан-жақты дамуының негізі. Ақыл-ой тәрбиесі еңбек өнімділігін арттыруға, еңбектің шығармашылығына зор ықпал жасайды. Ең бастысы, ол ғылым мен техникалық, мәдениетінің жедел дамуының қайнар бұлағы екендігін үнемі есте ұстағанымыз жөн.

Ақыл-ой тәрбиесіз дүниеге адамгершілікті көзқарас, саналы тәртіп пен орынды мінез-құлық, еңбек нәтижесі, экономикалық, білімдер, дағдылар, тіршілік ету ортасы, табиғат және қоғам құбылыстарына талғампаздық, дене күш-қуатын арттыру жолдарын білу, қоғам өмірінің құқықтық негіздерін игеру мәселелерін шешу мүмкін емес.

Қорыта айтқанда, ақыл-ой тәрбиесі, - адам зиялылығының негізі. Ақыл-ой тәрбиесіне екі ұғым кіреді: зер салып ойлау және ақыл-ой күштері.

Жалпы айтқанда ойлау дегеніміз не: ойлау деп заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи байланыстарды және қатынастарды бейнелейтін психикалық процесті атайды. Ойлау таным іс-әрекетіндегі күрделі процесс. Ал таным - бұл әржақты процесс, ол білмеуден білуге қарай бағытталған ой қозғалысының адам миында бейнеленуі.

Ойлау адам миы қызметінің нәтижесі. Ой-түйсіну, қабылдау, елестету арқылы алынған сезімдік деректерден адам миы арқылы өңделуі, мәнге айналуы. Ойлау- барлық адамдарға тән туынды түсінік. Жеке адам даму процесінде тәрбие қоятын міндеттерге сай жедел дамитын ойлаудың нақты жақтарын немесе түрлерін қалыптастырады. Мұғалімнің міндеті ойлау түрлерінің мәнін терең түсіну, олардың тұтас педагогикалық процесте шебер қолдана білуі, оқышуылардың ақыл-ой қабілетінің дамуында әсер ету тәсілдерін жете зерттеу қажет.

Нақты және абстракт логикалық ойлау.

Нақты логикалық ойлау затты біздің тікелей қабылдауымыз. Мұны кейде көрнекі ойлау деп те атауға болады. Нақты логикалық ойлау балалардың ойнау және оқу процесінде, адамдардың еңбегі, іс-әрекетінде байқалады.

Абстракт логикалық ойлау жалпы және дерексіз ұғымдарға сүйенеді. Мысалы, абстракт ойлау күрделі мәселелерді шешудегі біздің ой-пікірлеріміз, яғни байымдау, ой жүгірту. Бұл ойлау түрін психологияда ұғымдық ойлау деп атайды. Ұғымдық ойлау кейбір мәнді ұқсастық белгілерінің негізінде түсініктерді жіктерге және топтарға бөлу білігін қажет етеді.

Жинақтай ойлау бөлгі бір құбылыстар тобын қамтитын әрекеттердің ортақ принциптерін немесе тәсілдерін білумен сипатталады. Бұл жерде ойдың жинақтау дәрежесі, оның ауқымы жалпылық тұрғыдан қараудың құбылыстардың үлкен немесе кіші топтардың қамтуына тәуелді.

Алгоритмдік ойлау көздеп отырған нәтижесі қамтамасыз ететін нақты әрекеттерді қатаң орындау, нұсқау арқылы жұмысты іске асыру.

Индуктивтік ойлау ғылыми зерттеу немесе оқушыларға жаңа білімдерді баянлауында ойдың жекеден жалпыға, деректерден жинақтауға қарай қозғалуын қажетсінеді.

Дедуктивтік ойлау жалпыдан жекеге, дербестікке қарай жүретін ойлау процесімен байланысты.

Сонымен ойлау түрлері шәкірттердің нақты зиялылық білігін сипаттайды. Адамның өмір тәжірибесіне, іс-әрекеттеріне, оның алдында тұрған мақсатының ерекшелігіне байланысты әр түрлі сатыда іске асады.

Ақылдың белгілі бір даму дәрежесін ақыл-ой күштері деп атайды. Ақыл-ой күштері адамды білім қорын жасауға, негізгі ойлау операцияларын жүзеге асыруға, нақты зиялылық біліктерді меңгеруге қабілетті етеді.

Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері де осыдан шығады. Олар:

- негізгі іс-әрекетінің шарты болатын білім қорын жинау;
- негізгі ойлау операцияларын меңгеру;
- зиялылық біліктерді қалыптастыру;
- дүниетанымды қалыптастыру.

Ақыл-ой дамуды және ойлау білігін, негізгі ойлау операцияларын меңгеруді қажет етеді. Негізгі ойлау операцияларына ғылымда белгілі анализ, синтез, салыстыру, классификация (топқа жіктеу) жатады.

Анализ дегеніміз бүтінді бөліктерге ойша жіктеу немесе бүтіннің жеке қасиеттерін ойша бөлу болып табылады.

Синтез - бұл заттың бөліктерін ойша үйлестіре біріктіру немесе бүтіннің жеке жақтарын, олардың белгілері мен қасиеттерін біріктіру.

Анализ бен синтез біріне- бірі қарама-қайшы ойлау операциялары болғанымен, олар бір-бірімен үздіксіз байланысты болады.

Ақыл-ой тәрбиесінің тағы да бір маңызды мідегі оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Мұның негізінде әлем танымдылығын түсіну, табиғат пен қоғам дамуының заңдарын ұғыну. Жинақты етіп айтсақ, оқушылар барлық пәндерді оқу процесінде негізгі дүниетанымдық жұмыстарды бекітеді, баянды етуге талаптанады.

Еңбек пен еңбек тәрбиесінің мәні, қызметі.

Еңбек - адамның саналы, мақсатты, нәтижелі физикалық және интеллектуалдық қызметі (сол адамның рухани-материалдық, қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, оның күшін, жігерін дамытатын).

Еңбекке деген саналы көзқарас, ұғымның мәні, кәсіптік білім, іскерлік, дағды болып табылады, сонымен бірге адамның ынта-жігері, қажеттілігі, шешімге келуі, өзінің қызметінің маңызы, әрбір еңбектің нәтижесіне жауапкершілік, еңбекке деген шығармашылық, эстетикалық, адамгершіліктік тұрғыдан көзқарас.

Адамның еңбекке саналылығы оның ар-ұяты, ождан мен нәтижелі істен қанағаттанарлық сезім алу, қуаныш, жігер-қайратында. Еңбекке деген саналы көзқарас адамда еңбексүйгіштік, кабілеттілікті қалыптастырады.

Еңбектің қызметі. Бүкіл қоғамдық материалдық байлық еңбек арқылы жасалған. Нарық кезінде еңбекке деген, адамның өзінің, қоғамның жағдайын жақсарту үшін іс-әрекеті арта түседі. Онда кәсіпкерлік, өзін-өзі өз ісінің қожасы екендігін сезінуі, еңбек өнімділігінің нәтижесін арттыру үшін әрекет, саналы әрекеттің қажеттілігі туады. Адамның ақыл-ойы, денесі, аяқ-қолды тиімді пайдалану, көңіл-күй, ерік-жігер дамиды, бұл еңбектің дамытушылық қасиеті.

Еңбектің жеке адам ретінде қоғамдық пайдалы құндылықтар, қасиеттер барлығы еңбек процесінде дамиды, қалыптасады. Әдет-дағды, қиындықты жеңе білу, тұрақтылық, күш-жігерді тәртіп қалыптастырады.

Еңбек тәрбиесі дегеніміз - жас өспірімді педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған қоғамдық пайдалы істерге жұмылдыра отырып, оларды шығармашылықпен ойлау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Мұнда сонымен бірге алғашқы кәсіби білім, кәсіптік бағдар да зор роль атқарады.

Мектеп тек жалпы білім беріп қана қоймай, еңбек политехникалық білім мектебі болуы керек. Еңбек тәрбиесі өмірмен тығыз байланысты.

Еңбек тәрбиесінің жүйесі.

Оқу процесіндегі еңбек процесі - оқу еңбегі оқушылардың еңбегінің негізгі түрі. Бұл еңбек ақыл-ой және ерік жігерлігін талап ететін өте күрделі еңбек.

Оқу еңбегінің ерекшелігі - оның нәтижелері оқушылардың өздеріне бірден білінбейді. Оқу еңбегі негізінен интеллектуалды еңбек.

А) Кластан тыс жұмыс процесіндегі еңбек тәрбиесі.

Б) Оқушылардың өзін-өзі күтуіне байланысты еңбектері.

В) Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегі.

Г) Өнімді еңбек процесіндегі еңбек тәрбиесі.

Д) Оқушылар еңбегін ұйымдастыру.

Е) Оқушылар еңбегін жоспарлау.

Ж) Еңбек процесін ретті ұйымдастыру.

З) Еңбек нәтижесін жүйелі түрде есепке алу және бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.К.Жанпейісова. Педагогика. – А. 2003
2. К. Қоянбаев. Педагогика. – А. 2005
3. К. Көшекеев Оқыту теориясы – А. 2000
4. Б.Р. Айтмамбетова Оқыту процесін ұйымдастыру. –А 1991
5. Қ.Ж. Бұзаубақова Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004
6. Б.Р. Айтмамбетова Дидактиканың принциптері. – А 1991

Қосымша әдебиеттер:

1. Т.С. Сабыров. Оқыту теориясы. Алматы, 2000.
2. Г.А. Умаев Бала бақыты. –А 1988.
3. С. Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева Тәрбие хрестоматиясы –А. 2001.
4. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1990.
5. Н.И.Болдырев Класс жетекшісі. Алматы 1980-ж.
6. Н.И. Болдырев Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. Алматы 1987-ж.
7. И.Ф.Харламов. Педагогика. Москва 2000-ж.
8. Г.Кертаева Оқытудың кейбір әдістері. –А. 1992.
9. Н.Д.Иванова Оқыту процесі, оның мәні. –А 1991.

Рецензент: к.пед.н., доцент Жолдобасова Б.